

Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін шығаруының 35-жылдығына Қарақия ауданы азаматтарының жекелеген санаттарына қосымша әлеуметтік көмектің мөлшерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 2024 жылғы 28 наурыздағы № 13/106 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2024 жылғы 3 сәуірде № 4688-12 болып тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 22.08.2024 № 17/137.

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 22.08.2024 № 17/137 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, Қарақия аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін шығаруының 35-жылдығына Қарақия ауданы азаматтарының келесі жекелеген санаттарына 50 (елу) мың теңге мөлшерінде қосымша әлеуметтік көмек белгіленсін:

1) Ауғанстандағы ұрыс қимылдары кезінде жаралануы, контузия алуы, мертiгyі, ауруға шалдығуы салдарынан қаза тапқан (хaбap-oшapсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына;

2) бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Ауғанстан аумағында уақытша болған және кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің құрамына еңбеген жұмысшылар мен қызметшілеріне;

3) 1979 жылғы 1 желтоқсан – 1989 жылғы желтоқсан аралығындағы кезеңде Ауғанстанға жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілеріне.

2. Әлеуметтік көмек алушылардан өтініштері талап етілмей, бір рет көрсетіледі.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қарақия аудандық мәслихатының төрағасы

Ж. Қалаубай

"КЕЛІСІЛДІ"

"Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды
үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар

басқармасы" мемлекеттік мекемесі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК